

**Пресс-релиз**

Астана қ., 26 желтоқсан 2013 жыл

**«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасы табиғи монополияларды реттеу агенттігімен «Прииртышск-Атасу-Алашанькоу» магистральдық құбыржолының учаскелері арқылы транзиттік мұнайды айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті және тарифтік сметаның бекітілгені туралы хабарлайды**

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасы табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 396 – НҚ Бұйрығымен «Прииртышск-Атасу-Алашанькоу» магистральдық құбыржолының учаскелері арқылы транзиттік мұнайды айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті және тарифтік сметаның бекітілгені және оның 2014 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетіні туралы хабарлайды.

Транзиттік мұнайды айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне тариф мына мөлшерде бекітілді:

- «Прииртышск-Атасу» учаскесі – бір тонна үшін 117,31 теңге (ҚҚС-сыз);
- «Атасу-Алашанькоу» учаскесі – бір тонна үшін 1 097,42 теңге (ҚҚС-сыз).

**Инвесторлармен байланыс қызметі  
«ҚазТрансОйл» АҚ**